Алға мектеп-гимназиясының 2023-2024 о.ж.
Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының
хаттамасы

Алға қаласы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің төрағасы, қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымын сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту, міндеттерін айқындау туралы

2. „Балдәурен - Түркістан" Республикалық оқу-сауықтыру орталығына 12.11.23ж - 01.12.23ж аралығында лагерьге баратын 7-9 сынып оқушылардың мәселесін қарау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес хатшысы Г. Куандыкова

сөз алып қамқоршылық кеңес функцияларына тоқталды. Білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі, тиісті саласының уәкілетті органына немесе білім беру ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді. Білім беру ұйымының жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және толықтырулар енгізуді келіседі. Білім беру ұйымы таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы мерзімдерін келіседі. Тиісті деңгейдегі уәкілетті орган/ың аттестаттау комиссиясына біліктілік санатын беруге / растауға / кезекті аттестат-таудан өтуге оның жұмысының қорытын-дылары б/ша білім беру ұйымының басшысына ұсыныс хат ұсынады. Білім беру ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуы туралы демеушілік қайырым-дылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды. Оқушылар арасында тәртіпті нығайтуға және мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды

шешуге көмектеседі. Кеңес мүшесіне келісім бойынша үміткерлер ұсынылып, құжаттары аудандық білім бөліміне жіберілді. Аудандық білім бөлімінде қараудан үміткерлер өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелерінен кеңес төрағасы, кеңес орынбасары және кеңес мүшелері сайлау дауысқа салынды. Кеңес мүшелері бір ауыздан келісімдерін берді.

Дауыс нәтижесі бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы - Мұхамбетамин Қази Кажигалиевич және төрағасы орынбасары болып Кенжебаева Салтанат Маликовна болып сайланды. Қамқоршылық кеңестің жоспары, міндеттері айтылды.

2023 жылғы 31 қазан бастап кеңес төрайымын, мүшелерін қайта сайлау жұмыстарының шешімі бойынша төмендегі мүшелер ұсынылды.

| Аты - жөні | Жұмыс орны | Қызметі | Қамқоршылық кеңестегі қызметі |
|---|---|---|---|
| Қ.К. Мұхамбетамин | Зейнеткер | Зейнеткер | Кеңес төрағасы |
| С.М. Кенжебаева | Алға ауд. | Пол. майоры ювен. ист. инсп. | Кеңес орынбасары |
| Э.А. Құлмағамбетова | Жал. б. ортал. | программист | Кеңес мүшесі |
| Ж.Т. Нұрғалиева | ИП Нұрғалиева | аспазшы | Кеңес мүшесі |
| К.С. Досханбаева | Ал. ауд. аурухана | дәрігер | Кеңес мүшесі |
| Р.Ж. Дүйсенбаева | Ата-ана | ата-ана | Кеңес мүшесі |
| Э.М. Түрежанова | Ал. әкімдігі аппараты | статист | Кеңес мүшесі |

Мұхамбетамин Қази Кажигалиевич қамқоршылық кеңес төрағасы 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары және отырыс жоспарымен таныстырды. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

Екінші мәселе бойынша ДТЖЖО - М. Кушекбаева „Балдаурен - Түркістан" Республикалық оқу сауықтыру лагері туралы хабарлап жатыр. Соған мектебіміздің 7-9 сынып оқушыларынан үздік, оқу екпіндісі оқитын жүлдегер орын иегері оқушылары қатыстырылады. Лагерь ережесіне сәйкес 7 „А" сынып оқушысы Қапытов Асылбек Жарылқасынұлын сынып жетекшісі ұсынды.

Қ. Мұхамбетамин - төраға жоғарыда айтылып өткен пікірге мен де қосыламын, қолдаймын. Мемлекет тарапынан оқушыларға көрсетіліп жатқан құрмет деп түсінуге болады. Оқу озаттары мен лауреаттарды ұсынуға қарсылығым жоқ. Оқушылардың барына еш қарсылығым жоқ.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылында мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы - Мұхамбетамин Қази Кажигалиевич және төрағасы орынбасары болып Кенжебаева Салтанат Маликовна - бекітілсін.

2. Кеңес мүшелері төмендегі ретпен бекітілсін:

Қ.К. Мұхамбеталин – Кеңес төрағасы;
С.М. Кенжебаева – Кеңес орынбасары;
Э.А. Құлмағамбетова – Кеңес мүшесі;
Ж.Т. Нұрғалиева – Кеңес мүшесі;
К.С. Диханбаева – Кеңес мүшесі;
Р.Ж. Дүйсенбаева – Кеңес мүшесі;
Э.М. Түрсханова – Кеңес мүшесі.

3. Қамқоршылық кеңес отырыстарын бұдан ары қарай өткізу мен үйлестіру кеңес төрағасы Қ.К. Мұхамбеталинге жүктелсін.

4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары уақытында орындалуы қадағалансын.

5. Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша „Балдәурен Түркістан" Республикалық оқу-сауықтыру орталығына 7 сынып оқушысы Бақытова Асылбек Жарылқасынқызы жіберілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Қ. Мұхамбеталин

хатшы: Г. Куандыкова